

Жақсы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 6BC-36-2 "Жақсы ауданында тұратын, аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету тәртібін және мөлшерін айқындау туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 15 мамырдағы № 6C-55-3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 мамырда № 7856 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Жақсы аудандық мәслихатты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жақсы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 6BC-36-2 "Жақсы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету тәртібін және мөлшерін айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6985 тіркелген, 2019 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жақсы аудандық мәслихатының
сессия төрайымы*

А.Омарова

Жақсы аудандық мәслихатының хатшысы

Б.Джанадилов

"КЕЛІСІЛДІ"

Жақсы ауданының әкімдігі